


БЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР



ТОПТА ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ (С.Р. Шайхуллина және И.М.Мухамедова бойынша)

- Егер қаласа, әр қатысушы өз ойын айта алады;
- Келіспеген күннің өзінде де топтың барлық мүшесі әр тұлғаның пікірі мен құндылығын сыйластықпен, түсіністікпен қабылдайды;
- Нақты идеялар мен ұсыныстар талқыланады (оларды айтқан адамдар емес)
- Барлық қатысушылар өз ойын қысқа да нұсқа айтады;
- Әр қатысушы өз пікірін қорғай отырып, өзгенің пікірін, идеяларын, қызығушылықтарын қабылдай алады;
- Туындаған барлық келіспеушіліктер мен кикілжің барлық қатысушылардың мүддесін және жұмыс ережелерін ескере отырып, бейбіт жолмен шешіледі;
- Барлық қатысушылар ашық, достастыққа, іскерлікке бастайтын орта құруға тырысады.

«ВЕН ДИАГРАММАСЫ»

Бұл не?

Диаграмма екі немесе одан да көп дөңгелекшелер тоғысқанда құрылады. Идеяларды, көріністерді, нақты деректерді салыстыруда қолданылады. Әр деңгейшедегі бос орындар олардың айырмашылығын жазуға, ортақ бөлім ұқсастықтарын жазуға арналған. Ағылшын ойшылы Джонн Венның құрметіне аталған.

1. Бос орындарды сабақта толтыру
2. Оқушылар кіші топтарға 4 адамнан бірігіп, өз диаграммаларына толықтырулар мен салыстырулар кірістіреді.
3. Осы кіші топтарда ортақ сипаттамалардың тізімі жасалып, ол дөңгелектердің қиылысу нүктесіне жазылады.

«БІЛЕМІЗ-БІЛГІМІЗ КЕЛЕДІ-БІЛДІК» СТРАТЕГИЯСЫ.

(Шайхуллина С.Р және Мухамедова И.А
бойынша)

Бұл не?

Білеміз-Білгіміз келеді-Білдік (Б/БК/Б) дегеніміз – белгілі бір тақырыпқа немесе мәселеге арналған зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған сызбалық ұйымдастырушы. Жұмыс стратегиясы, ақпараттармен жұмыс жасау стратегиясы осы құрылымға сай орындалады.

Нені дамытады?

- Жеке тұлғалық құрылымға мақсатты бағыттылық шоғыры;
- Ақпараттық –білім, іскерлік, дағдылар;
- Жүйелік –ойланып жасайтын амалдар;
- Қолданбалы –тәжірибелік –әрекеттік сала

Мұны қалай жасайды?

1-қадам. Б/БК/Б кестесін үлкен тақтаға немесе қағазға түсіріп ал.

2-қадам. Сұрақ қойып, жұпта немесе шағын топтарда миға шабуыл жасаңыз.

3-қадам. Жылдам сұрақ қою әдісін пайдалана отырып, «Біз бұл жайлы не білеміз?» - деген идеялардың тізімін жасаңыз.

4-қадам.

- Шеберлік танытып, «Білгім келеді» бағанына сұрақтарды шығарыңыз.

- Сұрақтарды белгіленген санаттар бойынша орналастыруға болады, яғни Б/БК/Б кестесінде санаттық бағдарлау нәтижелерін пайдалануға болады.

5-қадам.

- Қойылған сұрақтарға жауап іздеу үшін оқу;
- Табылған жауаптар 2-бағандағы сәйкес сұрақтың тұсына 3-бағанға жазылады.

6-қадам.

- Оқуды аяқтағаннан кейін қатысушыларды «Білгім келеді» бағанына оқуға дейін жазған сұрақтарын қайтадан талдауға жұмылдырыңыз. Қай сұрақтардың жауабы табылғанын «Білдік» бағанына жазыңыздар.
- Қатысушылардан сұрақ қоймаса да тағы қандай ақпаратпен таныс болғанын сұрап, «Білдік» бағанына жазыңыз.
- «Шамамен біз не білеміз» бағанындағы оқушылардың идеялары қаншалықты дұрыс болғанын талқылаңыздар.
- Жауапсыз қалған сұрақтарға назар аударыңыз. Ол сұрақтарға жауап алу үшін оқушылар қайда жүгінуі қажеттігін талқылаңыздар.

«Кластер»

(Шайхуллина С.Р және Мухамедова И.А бойынша)

Кластерге бөлу – бұл әр үйренушіге өз ойын ашық айта алу, өзі еркін ойлана алуды үйретуге бағытталған педагогикалық тәсіл. Ол идеялардың байланысы жайлы ойларға сипаттама беруге арналған құрылымдарды бөлектеуге міндеттейді. Тез, «аяқ астынан» келетін ойларды қағазға сызба суреттер арқылы түсіріп есте қалдыруға көмектеседі. Сондықтан кластерді «ұйымдастырушы сызба» - деп атайды. Кластерлік үлгіде ойланудың бірізді емес түрі қолданылады. Ол біздің миымыздың жұмысына тікелей қатысты.

Кластерге бөлу онай әрі тез жатталады:

- Негізгі сөз немесе сөйлем үлкен қағаздың, тақтаның, не кез келген тегіс заттың ортасына жазылады;
- Осы сөзге не сөйлемге қатысты ойыңызға келген барлық сөздерді, тұжырымдарды жеке дөңгелекшелерге айналдыра талдаусыз, сынсыз, ойыңызға келген реттілікпен жазып шығыңыз;
- Сіз осы идеяларды қағазға түсіріп болғаннан кейін бір жүйеге келтіре бастаңыз (бұны дөңгелекше толтыру кезінде де бастауға болады);
- Барлық идеяларды уақытыңыз біткенше немесе бар идеяңыз таусылғанша қағазға түсіріңіз;
- Жеке жасалған кластерді жұпта талдап, барлық топ алдында айтуға болады;
- Бұл кластерді әрі қарай қалай, неге қолдануға болатынын ойланыңыз ;
- Кластер ауызша тұсаукесерге негіз бола алады немесе тақырыптағы басқа жұмыстарға бастау болуы да мүмкін.

ҰСТАЗДАР! ҚАНДАЙ ҒАЖАП ХАЛЫҚСЫЗДАР!
ШӘКІРТКЕ ШЫҢДАЙ БИІК АЛЫПСЫЗДАР.
ЖАН БІТКЕН ЖАНАРЫНА НҮР СЫЙЛАҒАН
КҮНДЕЙ БОП КҮЛІМДЕГЕН ЖАРЫҚСЫЗДАР.

ЖАРАЛҒАН ЖАҚСЫ ҮМІТ ПЕН МҰРАТТАРДАН,
ЖАНСЫЗДАР ӘЛДИЛЕГЕН ШУАҚТЫ АРМАН.
ЖАТТАЛСЫН ЕСІМДЕРІҢ ЖАН ЖҮРЕКТЕ,
АДАМНЫҢ АЯУЛЫ ӘНІ СИЯҚТАЛҒАН



МҰҒАЛІМДЕР

ОҚУ ЖЫЛЫ БАСЫНДА



ОҚУ ЖЫЛЫ АЯҒЫНДА



«№ 26 орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері



«Пәнді кіріктіріп оқытудағы үштілділік»

«Адамның көңілі шын мейірленсе,
білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп,
тезірек қолға түседі»

Абай